

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 қарашадағы N 1108 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылғы 6 шілдеде Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық ынтымақтастық туралы келісім <*>

(2006 жылғы 21 қаңтарда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2007 ж., N 2, 13-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і ,

1995 жылғы 23 қаңтарда Брюссельде қол қойылған, бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропа қоғамдастықтары мен оларға мүше мемлекеттер арасындағы Серіктестікті белгілейтін серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін ескере отырып,

1997 жылғы 27 қарашада Варшавада қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасы арасындағы Достық қатынастар мен ынтымақтастықты дамыту туралы декларацияның ережелерін басшылыққа ала отырып,

Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын экономикалық ынтымақтастық саласындағы халықаралық шарттардың ережелерін ескере отырып,

Польша Республикасының Еуропалық Одаққа мүшелігін назарға ала отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар мемлекеттерінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес теңдік және өзара тиімділік қағидаттарында Тараптар экономиканың барлық салалары мен бағыттарындағы ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

2. Осы Келісім шеңберінде жүзеге асырылатын ынтымақтастық мыналарға б а ғ ы т т а л ғ а н :

екі жақты экономикалық қатынастарды нығайту үшін экономикалық әлеуетті п а й д а л а н у ғ а ;

екі жақты экономикалық, атап айтқанда инвестициялар, инновациялар және экономикалық іс-шараларды қаржыландыру саласындағы қатынастарды қ а р қ ы н д а н д ы р у ғ а ;

көлік инфрақұрылымын және энергия тасығыштарды тасымалдау жүйелерін д а м ы т у ғ а ;

өңіраралық экономикалық ынтымақтастықты дамытуға.

2-бап

Осы Келісімнің 1-тармағында аталған ынтымақтастық мынадай жолмен жүзеге а с ы р ы л а д ы :

1) Тараптар мемлекеттерінің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы ы н т ы м а қ т а с т ы қ т ы да м ы т у ;

2) бір Тарап мемлекетінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің екінші Тарап мемлекетінің аумағында объектілерді жобалау, салу, жөндеу немесе қайта құру, сондай-ақ технологиялық жаңғырту немесе Тараптар мемлекеттерінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің олардың аумақтарында не үшінші мемлекеттердің аумақтарында б і р л е с і п қ а т ы с у ;

3) экономикалық іс-шаралар үшін кепілдіктерді қаржыландыруға, сақтандыруға және б е р у г е б а й л а н ы с т ы т е т і к т е р д і е н г і з у ;

4) мұнай, газ, электр энергетикасы және тау-кен байыту секторларындағы жобаларды іске асыруда өзара іс-қимыл жасау;

5) сертификаттау және стандарттау саласында өзара іс-қимыл жасау;

6) шаруашылық жүргізуші субъектілерді біріктіретін Тараптар мемлекеттері ұйымдарының арасындағы б а й л а н ы с т а р ғ а ж ә р д е м д е с у ;

7) консалтингтік, заң, банктік және техникалық, оның ішінде Тараптар мемлекеттерінің, сондай-ақ үшінші мемлекеттердің аумақтарындағы инвестициялық жобаларды іске асыруға ы қ п а л е т е т і н қ ы з м е т т е р д і дамыту;

8) ынтымақтастықтың әр түрлі нысандарына бастама білдіру және жәрдемдесу, мамандармен және техникалық персоналмен алмасу, оқыту, жәрмеңкелер мен көрмелерге қатысу, экономикалық миссияларды ұйымдастыру және экономикалық ынтымақтастыққа б а й л а н ы с т ы өзге де шараларды қабылдау;

9) туризм саласындағы ынтымақтастықты дамыту.

3-бап

1. Тараптардың құзыретті органдары экономикалық қызметті жүзеге асыратын өкілдіктерді, филиалдарды, сондай-ақ өзге де мекемелерді құруға және олардың қ ы з м е т і н е ы қ п а л е т е д і .

2. Экономикалық қызметті жүргізетін өкілдіктерді, филиалдарды және өзге де мекемелерді құру мен олардың қызметін жүргізу қағидаттарын олар өз қызметін жүзеге асыратын аумақтағы Тараптың мемлекетінде қолданылатын заңнама айқындайды.

4-бап

Экономикалық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу мақсатында Тараптар мемлекеттерінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары мынадай салалардағы ақпарат алмасуды жүзеге асырады:

1) экономикалық қызметті, инвестиция, стандарттау, сертификаттау, лицензияларды, концессияларды және рұқсаттарды беру шарттарын, зияткерлік және өнеркәсіптік меншікті қорғауды, авторлық және онымен байланысты құқықтарды, сондай-ақ Тараптардың өзара мүддесінің мәні болып табылатын басқа да салаларды реттейтін заңнама;

2) Тараптар мемлекеттерінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің арасындағы оның ішінде көрмелер, жәрмеңкелер және экономикалық миссиялар өткізу саласындағы байланыстарды орнатуға ықпал ететін іс-шаралар.

5-бап

1. Тараптар бұдан әрі Комиссия деп аталатын Қазақстан-польша экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясын құрады.

2. Комиссияның міндеттері мыналар болып табылады, атап айтқанда: мерзімдік шолуларды және экономикалық ынтымақтастықтың жай-күйін бағалауды жүргізу;

экономикалық ынтымақтастықты дамытуды шектейтін проблемаларды сәйкестендіру және оларды жою мақсатында тиісті шаралар ұсыну;

экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бағытталған ұсыныстарды дайындау;

осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге қатысты даулы мәселелерді талқылау.

3. Комиссия төрағалар басшылық ететін қазақстандық және польша бөліктерінен тұрады. Тараптардың әрқайсысы өз бөлігінің төрағасын тағайындайды. Әрбір төраға бөліктің орынбасары мен хатшысын тағайындайды. Жекелеген мәселелерді қарау үшін Комиссия өз құзыреті шеңберінде олардың міндеттерін айқындай отырып, жұмыс топтарын құруға құқылы.

4. Комиссия мәжілістері қажеттілігіне қарай, кемінде жылына бір рет Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасында кезекпен өткізіледі. Әрбір төрағаның бастамасы бойынша Комиссияның кезектен тыс отырысы шақырылуы немесе төрағалардың кездесуіне бастама білдірілуі мүмкін.

Бөлік төрағалары көзделіп отырған отырысты өткізгенге дейін бір айдан кешіктірмей Комиссияның кезекті отырысын шақыру және күн тәртібі туралы мәселені өзара келіседі. Төрағалардың келісімі бойынша күн тәртібіне алдын ала көзделмеген мәселелер енгізілуі мүмкін. Комиссияның отырыстарына әр бөлік өз қалауы бойынша

кеңесшілер мен сарапшыларды шақыруға құқылы.

5. Комиссия отырыстары хаттамамен ресімделеді.

6. Комиссияның қызметіне байланысты мәселелерді оның мәжілістері арасындағы кезеңде Комиссия төрағалары немесе олардың тапсырмалары бойынша олардың орынбасарлары мен хатшылары жұмыс тәртібімен талқылайды.

7. Комиссия жұмысының барысын ол белгілеген регламент айқындайды.

8. Тараптар Комиссия қызметіне байланысты шығыстарды жеке көтереді.

6-бап

1. Осы Келісімнің ережелері Қазақстан Республикасы немесе Польша Республикасы қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардан, сондай-ақ олардың халықаралық ұйымдарға мүшелігінен туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

2. 1995 жылғы 23 қаңтарда Брюссельде қол қойылған, бір тараптан Қазақстан Республикасы және Еуропа қоғамдастықтары мен оларға мүше мемлекеттер екінші тараптан арасындағы Серіктестікті белгілейтін серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім оған енгізілген барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге осы Келісім реттейтін мәселелерге қатысты басым күшке ие.

3. Осы Келісімнің ережелері оның Польша Республикасының Еуропалық Одаққа мүшелігінен туындайтын оның құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алғаннан күннен бастап отыз күн өткеннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа жазбаша нысанда хабарлау жолымен осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады. Мұндай жағдайда осы Келісім Тараптардың бірі осындай хабарлама алған күннен бастап алты ай өткеннен кейін күшін жояды.

Осы Келісім 2005 жылғы 6 шілдеде Астана қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, поляк және орыс тілдерінде жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде Тараптар арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін шешуші болып табылады.

Қ а з а қ с т а н
Республикасының
Үкіметі үшін

П о л ь ш а
Республикасының
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК